**Ақтоғай ауылының әкіміне үміткер Керімбай Ерден Мәрленұлының өмірбаяны мен сайлауалды бағдарламасы**

Мен, Керімбай Ерден Мәрленұлы 1994 жылғы 04 тамызда Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Ақтоғай ауылында дүниеге келгенмін.



2000 жылғы Ақтоғай ауылындағы К.Байсейітова атындағы орта мектептің І-сыныбына барып, 2011 жылы аяқтадым.

2015 жылы Қазақ қатынас жолдары университетін «экономика және бизнес» мамандығы бойынша, 2019 жылы «Фемида» университетін «Заңгер» мамандығы бойынша аяқтадым.

2013-2016 жылдары «Сарытерек ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ есепші,

2016-2018 жылдары «Ақтоғай ауданының тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары, құрылыс және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» ММ есепші.

2016 жылдан осы уақытқа дейін «Ақтоғай ауданының кәсіпкерлер қауымдастығы» ҚБ төрағасы;

2019 жылдың мамыр айынан осы уақытқа дейін «Ақтоғай-Су» ЖШС директоры болып жұмыс істеймін.

7,8-шақырылған Ақтоғай аудандық мәслихатының депутаты болған.

**Құрметті ауылдастар!**

**Қымбатты Ақтоғайлықтар!**

Ақтоғай ауылы әкімінің сайлауы болады. Еліміздің ертең қандай жолмен дамитындығы, болашағының қандай болатындығы біздің өз қолымызда. Өзін Тәуелсіз Қазақстанның шынайы патриотымын деп санайтын әрбір азамат, өз елінің қоғамдық өмірінен тыс қала алмайды. Және де ол жас айырмашылығымен шектелмейді. Дана қазақ «Асыл тастан, ақыл жастан» деп бекерден бекер айпаса керек. Олай болса ауданымыздың келешегі мені де бей-жай қалдыра алмайды. «Жас келсе іске» дейтін де біздің дана қазақ.

**Ақтоғай ауылының әкіміне үміткер Смагулов Нурбол Нурмбековичтің өмірбаяны мен сайлауалды бағдарламасы**



Смагулов Нурбол Нурмбекович Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Ақтоғай ауылында 1980 жылдың 18 наурызында дүниеге келген. Жоғары білімді. 1996-2000 ж.ж. аралығында Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды Мемлекеттік университетін «кәсіптік оқыту» мамандығы бойынша бітірген. 2003-2005жж. аралығында Қарағанды маңызды білім беретін «Болашақ» институтын «құқық» мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолы 2001-2003ж. Ақтоғай селосында ЖШС «Энергия» мекемесінде электр-контролер. 2005-2006ж. Балқаш қалалық сотының бас маманы, сот отырысының хатшысы. 2006-2013ж. Қарағанды облысы Соттар Әкімшісі Ақтоғай аумақтық сот орындаушылар бөлімінің сот орындаушысы. 2014-2015ж. «Ақтоғай ауданы әкімі аппараты» ММ-сі кәмеелетке жасы толмағандар жөніндегі инспектор. 2015-2017ж. «Ақтоғай ауданы әкімі аппараты» ММ-інің кадр қызмет бөлімінің бас маманы. 2017 жылдың 08 тамызынан бастап «Ақтоғай ауданы әкімі аппараты» ММ-інің кадр қызмет бөлімінің басшысы болып қызмет атқарады.

Отбасылы.

Менің сайлауалды бағдарламамда алға қойған мақсатым:

Зейнеткерлер мен мүгедектердің, аз қамтамасыз етілген және көпбалалы отбасылардың, аналар мен балалардың мүдделерін қорғауға бағытталған әлеуметтік кепілдіктерді пайдалануға жағдай жасау;– Отбасыларда және қоғам өмірінің өзге де салаларында жастарға адамгершілік және рухани тәрбие беруді жақсарту, балалар арасындағы заңбұзушылықты болдырмау туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізу;

- Шағын және орта бизнесті қолдау;
- Мемлекеттік бағдарламалардың барлық артықшылықтарын пайдалана отырып, ауылдық округтің әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту;
- Көпжылдық шөптерді егу арқылы ең алдымен азып-тозған жерлерді қалпына келтіру және ауылдық округ көлемінде игерілмей жатқан егістік жерлерді айналымға қайта енгізу. Жем-шөп базасын нығайту;
- Мақсатты түрде пайдаланбаған жер телімдерін дұрыс пайдалануға қосу жұмыстарын жүргізу;
- Шағын және орта бизнесті қолдау арқылы жаңа жұмыс орындарының ашылуына ықпал ету;
- Ауылда туындаған проблемалардың уақытылы және сапалы шешілуіне атсалысамын.
- Зейнеткерлер мен мүгедектердің, аз қамтамасыз етілген және көпбалалы отбасылардың, аналар мен балалардың мүдделерін қорғау;
- Ауылдағы мектеп, клуб үйі, шағын орталық, кітапхананың материалдық техникалық базасын жақсарту.

(Материалдың жариялану ақысы жергілікті бюджет қаражатынан төленді.)

Демек аудан өміріне араласып, жастық жалынымды, күш-жігерімді, ақыл-қайратымды сарықа жұмсау менің перзенттік парызым деп білемін. Жоғарыда келтірілген тұжырымдамаларды басшылыққа ала отырып, еліміздің кемел келешегіне өзімді елі мен жерінің тағдырына алаңдайтын шынайы патриот жас ұрпақтың өкілі ретінде саяси додаға түсіп, бағымды сынап көрмекпін.

Ондағы мақсатым ауданымыздың экономикалық-әлеуметтік ахуалын артырып, аудан халқының рухани-тұрмыстық жағдайын мейлінше жақсартуға шама-шарқымша өзіндік үлесімді қосу.

Бақ пен бабым бірге шауып, сіздердің таңдауларыңыз маған түсіп, ауыл әкімі болып сайланып жатсам, менің бірінші кезекте басты назарға алатын ұстанымым – маған артқан сенімдеріңізден шығу. Жасыратыны жоқ бүгінгі күндері елдің оның ішінде аудан жастарының көңілін көншітпейтін түйткілді мәселелер көп. Әлбетте бұдан бұған дейінгі халық қалаулылары қол қусырып қарап отырған екен деген ұғым туындамауы керек. Керсінше өмірден көрген, түйгені мол алдыңғы буын ағаларымызды бетке ұстап, иық тірестіріп, тізе түйістіріп қордаланып қалған мәселелердің түйінін тарқатуға бірлесе күш жұмылдыру.

Құрметті сайлаушылар! сіздердің таңдауларыңыз маған түсіп ауыл әкімі болып сайлана қалған жағдайда мен төмендегі бағдарламаны басшылыққа ала отырып халық үдесі мен мүддесінен шығуға сендіремін.

- Электр жарығының тұрақты берілуін қамтамасыз ету;
- Ақтоғай ауылының 4-кезектегі су құбыры желісінің құрылысын іске асыруға;
- Ақтоғай ауылының кәріз құбырының тұрғындардың талап-тілектері бойынша іске асырылуына;
- Ауылдың инфрақұрылымдарының тұрақты жұмыс жасауын үйлестіру;
- Ауыл шаруашылығы саласында инвестициялық жобаларды іске асыру;
- Шағын және орта бизнесті қолдау;
- Ақтоғай ауылы халқының әлеуметтік-тұрмыстық жағдайының көтерілуіне ауылдастарыммен бірігіп жұмыс жасау;
- Ел ертеңі – жастар, ендеше, жастар мен жасөспірімдердің жұмыспен қамтылуына; олардың салауатты өмір салтын қалыптастыруға; бос уақыттарын мазмұнды өткеруге; спорттың бұқаралығын арттыруға; жас мамандарды ауылға тартуға; олардың баспанамен қамтылуына ықпал жасайтын боламын.

(Материалдың жариялану ақысы жергілікті бюджет қаражатынан төленді.)

**Ақтоғай ауданы, Айыртас ауылы әкіміне үміткерлердің сайлауалды бағдарламалары**

**Айыртас ауылдық округі әкіміне үміткер Игибеков Нуртилек Ерменбетовичтің өмірбаяны мен сайлауалды бағдарламасы**

Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Сарытерек ауылдық округінде 30.09.1991 жылы туған. Ұлты қазақ. Білімі жоғары. 2013 ж. Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің экономика және бизнес бакалавры мамандығын алған. 04.08.2011 ж. Балқаш қаласында БРП «Энергоспецсервис» ЖШС «Maker», слесарь-ремонтник болып бастаған. «Сарытерек ауылдық округі әкімі аппараты» ММ-де бас маман міндетін атқарушы. 05.12.2016 ж. «Сарытерек ауылдық округі әкімі аппараты» ММ бас маманы, қазіргі уақытта «Сарытерек ауылдық округі әкімі аппараты» ММ бас маманы болып қызмет атқарамын.



**Сайлауалды бағдарлама**

Менің сайлауалды бағдарламам Айыртас ауылдық округін дамытуға, әлеуметтік өмірін жақсартуға бағытталады. Мені ауылдық округ әкімі етіп сайласаңыздар, ауылдық округке қарасты елді мекендерді көше жарықтарымен толық қамтамасыз етуге және олардың сапалы жұмыс істеуіне;

- Сайлаушылар маған сенім білдірген жағдайда өз округімнің тұрғындарының мүддесін қорғап, олардың талап-тілектерін жүзеге асыру;
- Мал басын асыл-дандыру, бордақылау бағыттарында атқарылатын іс шараларды ұйымдастыру;
- Көпжылдық шөптерді егу арқылы ең алдымен азып-тозған жерлерді қалпына келтіру және ауылдық округ көлемінде игерілмей жатқан егістік жерлерді айналымға қайта енгізе отырып, жем-шөп базасын нығайту;
- Өңірге инвестиция тартуда жұмыстар жүргізу, инвестициялық жобаларды іске асыру арқылы жаңа жұмыс орындарын ашу;
- Ауылдық округ тұрғындары үшін үн өнімдерін төмендетілген бағамен жеткізуді ұйымдастыру;
- Жұмыссыздар санын азайту бойынша жұмыстарын жүргізу, кәсіптік даярлау және қайта даярлау курстары арқылы маман тапшылығы деңгейін төмендетіп отыру;
- Кәсіпкерлік потенциалды дамытуға қолдау көрсету;- Электр қуатын беру сапасын жақсарту, тозған электр желілерін айырбастау бойынша жұмыстар жүргізу.

Жел күшімен және күн көзінен өндіретін қондырғыларды ауылдық округ аумағында кеңінен насихаттау және енгізу. Осы қондырғылар арқылы шаруа қожалықтарын электр қуатымен жабдықтау жұмыстарын жүргізу.

- Өңірде мобильді байланыс, интернет жүйесінің сапасын арттыруға күш салу. Ауылға жас мамандарды (мұғалім, дәрігер, ветеринар, т.б.) тарту үшін жоғары және арнаулы орта білім беретін оқу орындарымен байланыс орнату;- Жастар арасында өз кәсіптерін ашуға мүдделі жастарға қолдау көрсетуге атсалысамын.

Ауылымыздың ертеңі, өсіп-өнуі, дамуы сіз бен бізге байланысты екені белгілі. Сіздің сайлау учаскесіне келіп дауыс бергеніңіз, ауылдың бақытты және бай-қуатты өміріне қосқан үлесіңіз!

(Материалдың жариялану ақысы жергілікті бюджет қаражатынан төленді.)

**Айыртас ауылдық округі әкіміне үміткер Боран Ардақ Серікқлының өмірбаяны мен сайлауалды бағдарламасы**



Мен, Боран Ардақ Серікұлы, 1968 жылы суір айының 03 күні Қарағанды облысы, Жаңаарқа ауданы, Рассвет селосында дүниеге келдім. Білімім жоғары. Қарағанды қаржы институтын қаржы мамандығы бойынша тәмамдадым.

Өзімнің еңбек жолымды 1985 жылы Қызылтау орта мектебін бітірген соң сол ауылдың 3 фермасында қатардағы есепші ретінде бастадым. 1986-1988 жылдары Кеңес армиясы қатарында әскери қызметімді атқардым. 38 (отыз сегіз) жыл еңбек өтілім бар, оның ішінде 24 жыл мемлекеттік қызмет. Осы уақыт аралығында банк қызметкері, кірістер басқармасы, мемлекеттік қаржы бақылау комитеті (мемлекеттік аудит) қызметтерін атқардым.

2004-2016 жылдары аралығында Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі әскери бөлімдерде (Приозерск, Талдықорған әскери горнизондары), «Қаржы және экономика жұмысы бойынша бастықтың көмекшісі – бөлімше бастығы» болып қызмет атқардым.

2017-2021 жылдары Ақтоғай ауданы «Шашубай кенті әкімі аппараты» ММ бас маманы салық, жұмыспен қамту, кәсіпкерлік жұмыстары, есепші болып жұмыстар атқардым.

2021-2023 жылдар аралығында Ақтоғай ауданы Тораңғалық ауылдық округі әкімі.

2023-2024 тамыз айы аралығында «Ақтоғай селосы әкімі аппараты» ММ бас маман (есепші) болып қызмет атқардым.

2024 жылдың 01 тамызынан бастап «ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Мемлекеттік еңбек инспекциясы комитетінің Қарағанды облысы бойынша департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі – Еңбек саласын бақылау және талдау бөлімінің бас маманы.

Отбасылы.

**Айыртас ауылдық округі әкіміне үміткер Түсіпов Қуаныш Аманкелдіұлының өмірбаяны мен сайлауалды бағдарламасы**

Мен, Түсіпов Қуаныш Аманкелдіұлы, 1973 жылы қазан айының 20 күні Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Нүркен ауылдық округінде дүниеге келдім. Еңбек жолымды 1991 жылы Ақтоғай ауданы Нүркен ауылдық округінде жұмыскер болып бастадым. 1991-1993 жж. міндетті әскери борышымды атқардым. 2005 жылы Қарағанды политехникалық колледжін «Заңгер» мамандығы бойынша аяқтадым. 2002-2008 ж.ж. Ақтоғай ауданы «Ақши орта мектебі» КММ-нің шаруашылық меңгерушісі, 2009-2014 ж.ж. жеке кәсіпкерлікпен айналыстым. 2015-2019 ж.ж. Ақтоғай ауданы «Кежек ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-нің жетекші маманы, 2019 жылдан қазіргі уақытқа дейін «Кежек ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-нің бас маманы болып қызмет атқарамын.



**Құрметті сайлаушылар,** қазіргі таңда мен Айыртас ауылдық округінің әкімі лауазымына өзімді ұсыну арқылы сайлауға түсуге мүмкіндік алдым.

Маған сайлаушылар сенім артқан жағдайда, Айыртас ауылдық округінің әлеуметтік-экономикалық мәселелерінің шешілуіне атсалысып, бар тәжірибемді жұмсаймын.

Менің сайлауалды бағдарламам Айыртас ауылдық округін дамытуға, әлеуметтік өмірін жақсартуға бағытталады.

- ҚР заңдылықтарын сақтай отырып, Айыртас ауылдық округінде мемлекет жүргізіп отырған саясатқа сәйкес халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайларының оңалуына өз күш-жігерімді жұмсаймын;
- Мемлекеттік бағдарламалардың барлық артықшылықтарын пайдалана отырып, ауылдық округтің әлеуметтік – экономикалық жағдайын жақсарту;
- Ауылшаруашылығын дамытуға мемлекет тарапынан берілетін барлық жеңілдіктермен қаржылай қолдауға шаруа қожалықтарының толыққанды қолжетімділігін қамтамасыз ету;
- Зейнеткерлер мен мүгедектердің, аз қамтамасыз етілген және көп балалы отбасылардың, аналар мен балалардың мүдделерін қорғауға бағытталған әлеуметтік кепілдіктерді пайдалануға жағдай жасау;
- Өңірде мобильді байланыс, интернет жүйесін толық енгізуге күш салу;
- Мектептерде бала санының азаюына жол бермеу мақсатында ауылдық округте көші-қон жұмыстарын ұйымдастыруға;
- Тұрғындарға сапалы медициналық көмек көрсету жұмыстарын ұйымдастыру. Азаматтардың сапалы медициналық емделуіне және ана мен бала денсаулығын сақтауға қолдау жасау;
- Ауылдағы мектеп, клуб үйі, шағын орталық, кітапхананың материалдық-техникалық базасын одан әрі жақсарту және қамтамасыз ету үшін тиісті жұмыстарды ұйымдастыру;
- «Жастар – біздің болашағымыз» қағидасын басшылыққа алып, жастармен тығыз қарым қатынаста жұмыс жасауға;
- Бұқаралық спортты дамытуға күш саламын.

(Материалдың жариялану ақысы жергілікті бюджет қаражатынан төленді.)

**Құрметті сайлаушылар**

Құрметті ауыл тұрғындары, қазіргі таңда мен Айыртас ауылының әкімі лауазымына өзімді ұсыну арқылы сайлауға түсуге мүмкіндік алдым.

Егер маған Айыртас ауылының тұрғындары сенім артқан жағдайда. Айыртас ауылының проблемаларың шешілуіне атсалысамын және бар күш-жігерімді жұмсаймын.

Менің сайлауалды бағдарламам Айыртас ауылын дамытуға, әлеуметтік өмірін жақсартуға бағытталған.

Айыртас ауылының өмірін қалайша жақсартуға болатынын ауыл азаматтарымен кеңесе , бір кісідей бірлесіп шешуге барлық күш жігерімді саламын.

Мені ауыл әкімі етіп сайласаңыздар, алдағы 4 жылда:

- Көше жарықтарын орнатуға, олардың сапалы жұмыс істеуіне;
- Ауыл ішіндегі тоқ желісінің қалыпты жұмыс жасауын;
- Мектепте бала санын көбейту, ауыл мектебін қалыпты жұмыс істеуіне алып келу, ауылға сырттан жастарды, көшіп келемін деген азаматтарды тартып, үймен қамтамасыз етуге жұмыс ұйымдастыруға;
- «Қарапайым заттар экономикасы», «Еңбек», «Жастарға-жұмыс», «Іскер», «Агробизнес» т.б. мемлекеттік бағдарламаларды пайдалана отырып кәсіпкерлердің санын арттыруға;
- Мен бюджеттің шектеулі екенін түсінемін, сондықтан қосымша қаржыландыру көздерін іздеу арқылы: Ауыл шаруашылығы саласының дамуына жан жақты қолдау жасау, яғни мемлекеттік бағдарламаларды халыққа дұрыс жеткізе отырып, түрлі жеңілдіктерге қол жеткізуіне;
- Жол бойына, жол белгілерін орнату;
- Ауылға байланыс жүйесін қосу, интернет желісінің қалыпты жұмыс жасауын ретке келтіру;
- Ауылда иесіз бос тұрған үйлерді жөндеп, құжаттарын реттеп әкімшілік баланысына өткізу;
- Ауылда туындаған проблемалардың уақытылы шешілуіне күшімді саламын.
- Жастарға қолы ұшын беріп, рухани дүниесін байытып, нағыз қазақтылыққа тәрбиелеуге, бұқаралық спортты дамытуға үлесімді қосамын.

Мендегі міндет, халықа адал қызмет

(Материалдың жариялану ақысы жергілікті бюджет қаражатынан төленді.)

**Ақтоғай ауданы, Қусақ ауылы әкіміне үміткерлердің сайлауалды бағдарламалары**

**Қусақ ауылының әкіміне үміткер Омарбеков Данияр Толегеновичтің өмірбаяны мен сайлауалды бағдарламасы**



Мен, Омарбеков Данияр Толегенович 1983 жылы Балқаш қаласында дүниеге келдім. Білімім жоғары. 2001-2005 ж.ж. аралығында Қарағанды қаласының Д.Қонаев атындағы университетінде «экономист» мамандығы бойынша бітірдім. Еңбек жолыма келсек 2008 жылы Ақтоғай ауданының №2 халыққа қызмет көрсету орталығында инспектор, 2008 жылы Ақтоғай ауданының Салық басқармасында жетекші маман, 2009 жылы Ақтоғай ауданының қаржы бөлімінде бас маман, 2009 жылы Ақтоғай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінде бас маман, 2015 жылы Ақтоғай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінде сектор меңгерушісі, 2016 жылы Ақтоғай ауданының әкімі аппараты ММ кадр қызметі бөлімінің басшысы болып қызмет атқардым. 2017 жылдан бастап Ақтоғай ауданының әкімі аппараты ММ мемлекеттік қызмет көрсетуді бақылау бөлімінің басшысы болып қызмет жасаймын. Отбасылы.

**Сайлауалды бағдарлама**

Қусақ ауылдық округі әкімдігіне үміткер ретінде өз кандидатурамды ұсынып отырмын.

- Мал шаруашылығын дамыту, мал тұқымын асылдандыру, ауылшаруа-шылық өнімдерін өңдеу;
- Жұмыссыздықты азайту мақсатында бағдарламалар бойынша мемлекет тарапынан жеңілдікпен берілетін несиелер мен жәрдемақыларды алып тұрғындардың өз кәсіптерін ашуына, қайтадан кәсіби білім алып жұмысқа орналасуына, тұрғындардың әлеуметтік жағынан аз қорғалған тобына мемлекет тарапынан берілетін жәрдемақыларды алуына;
- Ауылдық округте кәсіпкерліктің дамуына жағдай жасау, жаңа инвестициялық жобаларды дайындауды, тұрғындардың негізгі кәсіби білім алып шаруашылығы болғандықтан мал басын көбейтіп және оның сапасын арттыру мақсатында мемлекеттік бағдарламалар бойынша және басқа да қаржы несиелер институттарынан берілетін жеңілдетілген несиелер алуын, мал басын асылдандыру жұмыстарын ұйымдастыру;
- Округтегі автомобиль жолдарын қалыпты жағдайда ұстауға, жолдарға ағым-дағы жөндеу жұмыстарын жасауға, көшелерді жарықтандыру;
- Ауыл тұрғындарының денсаулығын нығайтуға байланысты дәрігерлік қызметті күшейтудің және дәріхана және ветеринариялық дәріхана пункттерін ашудың жолдарын іздестіру;
- Ауыл тұрғындарының денсаулығын нығайтуға байланысты дәрігерлік қызметті күшейту және дәріхана ашу мүмкіндіктерін қарастыру;
- Мектептердің материалдық-техникалық базасын нығайту, оқушылардың білім сапасын арттыру;
- Ауылдық округке «Дипломмен ауылға» бағдарламасы арқылы мамандар тарту;
- Округ бойынша байланыс жүйесінің сапасын арттыруға;
- Белсенді ауыл тұрғындарының, оның ішінде жастардың жеке кәсіп ашуына, кәсіпкерлікті қолдау;
- Жолдың сапалы ағымдағы жөндеуден және ауыл ішілік жолдарды жөндеуден өткізу;
- Елді мекендерді көгалдандыру, ағаш егу, абаттандыру жұмыстарын жетілдіру;
- Ауыл адамдарының рухани және мәдени өмірлерінің жан-жақты болып, саламатты өмір салтын насихаттайтын кешенді іс-шаралар ұйымдастырылу бағытында жұмыстар жүргізетін боламын.

(Материалдың жариялану ақысы жергілікті бюджет қаражатынан төленді.)

**Ақтоғай ауданы, Ақтоғай ауылының әкіміне үміткер Токтыбаев Айбек Шынарбековичтің өмірбаяны мен сайлауалды бағдарламасы**

Токтыбаев Айбек Шынарбекович 21.07.1991 жылы Жезқазған облысы, Сәтпаев қаласында дүниеге келген. 2009 жылы Ақтоғай ауданы, Ақтоғай ауылындағы Ә.Бөкейхан атындағы орта мектепте 11 сыныпты аяқтап, 2009 жылы Қарағанды «Болашақ» университетіне оқуға түсіп, 2013 жылы «Қазақ тілі мен қазақ әдебиеті» бакалавры мамандығы бойынша тәмамдады.



2013 жылы жастар практикасынан өтіп, 2014 жылы Ақтоғай ауданы, Сарытерек ауылдық округі әкімі аппаратында бас маман міндетін атқарушы болып жұмыс жасап, 2014-2015 ж.ж аралығында Ақтоғай ауданы, Абай ауылы округі әкімі аппаратында жетекші маман, 2015 жылы Жидебай ауылдық округі әкімі аппаратына жетекші маман, 2016 жылы «Ақтоғай ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бас маманы, 2019-06.10.2020 ж.ж аралығында «Ақтоғай ауданының халықты жұмыспен қамту орталығы» КММ-де ассистент, 2021 жылы Бұқар жырау ауданы, Көкпекті ауылдық округі әкімі аппаратында жетекші маман қызметін атқарды.

2021-2022 ж.ж аралығында Қарағанды облысы білім басқармасының №6 арнайы мектеп-интернатында тәрбиеші, 2023 жылдан бастап Жидебай ауылдық округінің әкімі аппаратында бас маман болып жұмыс жасауда. Отбасылы.

**Сайлауалды бағдарлама**

Тұрғындардың әлеуметтік жағдайына баса назар бөліп, ауылдық округтегі кезек күттірмес мәселелердің оң шешілуі үшін жұмыс жасау міндетім әрі парызым болып табылатынын жеткізім келеді.

**Қусақ ауылының әкіміне үміткер Рахимжанова Назгул Жақсылыққызының өмірбаяны мен сайлауалды бағдарламасы**



Мен, Рахимжанова Назгул Жақсылыққызы, 1980 жылы тамыз айының 18 күні Қарағанды облысы Ақтоғай ауданы Қусақ ауылдық округі Қошқар ауылында дүниеге келдім. Еңбек жолымды 1997 жылы "Рахат" шаруа қожалығында іс қағаздарын жүргізуші болып бастадым. 2008 жылдан бастап Қусақ селолық округі әкімінің аппаратына жастар ісі жөніндегі маман болып қызметке кірдім. 2013 жылдан бастап қазіргі таңға дейін «Қусақ ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-сінде бас маман болып қызмет атқарып келемін.

**Сайлауалды бағдарлама**

Қусақ ауылының тұрғыны ретінде, ауылдастарыммен етене араласып жүргендіктен де ауыл тұрғындарының күн сайынғы қиындықтарын бір кісідей білемін. Ауылды тұрақты ауыз сумен қамтамасыз ету, ауылдың жолдарын жөндеу, электр желілерімен, интернет мәселелері толғандырады.

Осы аталған мәселелердің шешуін, ауыл өмірін қалайша жақсартуға болатынын ауыл азаматтарымен кеңесе отырып қарайтын боламын.

- Көше жарықтарын орнатуға. олардың сапалы жұмыс істеуіне;
- Нарманбет - Қусақ тас жолының жөндеуінің сапалы жасалуына, қыс айларында ауыл көшелерінің күрелуіне;
- «ULMUS BESSHOKY» АҚ тығыз байланыста жұмыс жасай отырып әлеуметтік серіктестік арқылы ауылдағы әлеуметтік мәселелерді бірлесіп шешуге қол жеткізу (спорт алаңын, қоғамдық монша салу, ауылды жасыл желекпен көркейту, арзандатылған бағадағы отынмен (көмір) және мал азығымен (бидай кебегі) қамтамасыз ету, мектеп, клуб, кітапхананың материалдық- техникалық базасын нығайту т.б.)
- Ауыл ішіндегі тоқ желісінің қалыпты жұмыс жасауы үшін КТП-ның трансформаторын ауыстыруға;
- Мектепте бала санының азаюына жол бермеу мақсатында ауылға сырттан жастарды, көшіп келемін деген азаматтарды тартып, үймен қамтамасыз етуге жұмыс ұйымдастыруға;
- «Бастау бизнес», «Агробизнес» т.б. мемлекеттік бағдарламаларды пайдалана отырып кәсіпкерлердің санын арттыруға;
- Ауылдағы мобильді байланыстың басқа да операторларының және интернет желісінің қалыпты жұмыс істеуіне;
- Ауылда тұрақты жұмыс жасайтын, талапқа сай мал сою алаңын ашуға;
- Дәрігерлік талапқа сай емхананың талапқа сай болуына өз тарапымнан ықпал жасаймын.
- Ауыл шаруашылығы саласының дамуына жан жақты қолдау жасау, яғни мемлекеттік бағдарламаларды халыққа дұрыс жеткізе отырып, түрлі жеңілдіктерге қол жеткізуіне;
- Тұрғындармен, ақсақалдар алқасымен, қоғамдық келісім кеңесімен, жастармен келісе отырып ауылды көркейту мәселесін жоспарлауға күшімді саламын.
- Жастарға қолы ұшын беріп, рухани дүниесін байытып, нағыз қазақтылыққа тәрбиелеуге, бұқаралық спортты дамытуға;
- Ауылда рухани жаңғыру бағдарламасы бойынша жасалып жатқан жұмыстарды дамытуға үлесімді қосамын.

(Материалдың жариялану ақысы жергілікті бюджет қаражатынан төленді.)

Ауыл тұрғындарының өмір сүру деңгейін көтеруді жоғарыда айтылғандай басты міндетім деп санаймын, жақсы жолдар, ауылды абаттандыру, сапалы байланыс, электр энергиясының үздіксіз берілуі, қолайлы эпизоотиялық жағдай, лайықты медициналық қызмет көрсету, сапалы білім беру, ауыл шаруашылығын және шағын орта бизнесті дамыту.

– Дамудың маңызды аспектілерінің бірі ауылға дейінгі көтерме жол, ауыл ішіндегі жолдар жөндеуді талап етеді. Сондықтан, менің ең басты міндетім – алдағы төрт жылдық кезеңде көше жолдарына жөндеу жүргізу, сондай-ақ

– Ауыл мектебінде бала санының азаюына жол бермеу мақсатында ауылдық округке сырттан отбасылар көшіріп әкелуге жұмыстар ұйымдастыратын боламын;

– Кәсіпкерлік қызметті бастау үшін ауылда кәсіпкерлікті дамытудың мемлекеттік бағдарламалары бойынша жастарға, көпбалалы аналарға, жұмыссыз азаматтарға жеңілдікті несиелер және мемлекеттік грант қаражатын алуға жәрдемдесу. Мемлекеттік және аймақтық бағдарламаларды жүзеге асыру тәртібінің нақты мысалдарын көрсете отырып, ауылдық округ тұрғындарына түсіндіру жұмыстарын жүргізуді ұйымдастыруға; мамандарды жұмыспен қамту мәселелерін шешу;

– Мемлекет басшысы қойған міндеттерді жүзеге асыруда еңбек етіп, ауылымыздың тұрмыс жағдайын жақсартуда, дамуына белсенді жұмыс жасауға бар күш-жігерімді саламын деп сендіремін. Алға қойылған мақсаттарды жүзеге асыру үшін атқарушы биліктің де, ауылдық округтің барлық тұрғындарының да күш-жігерін біріктіру жолында еңбек жасайтын боламын.

Сіздердің алдарыңызда өзімнің сайлауалды бағдарламамды ұсынып, округ әкімі лауазымына үміткер ретінде алдағы сайлауға түсу мен үшін үлкен жауапкершілік деп түсінемін. Дана халқымызда «Жақсыдан әкім қойсаң, елді түзетер, қамқор болып елі тұрған жерді күзетер» деген сөз бар. Егер де сайлау барысында сіздердің қолдауларыңызға ие болып жатсам, әкім болып, халқыма жақын болып, округпен жұмыс жасау, дамыту маған арқаланған үлкен жүк деп білемін.

(Материалдың жариялану ақысы жергілікті бюджет қаражатынан төленді.)

## Мемлекеттік қызмет жастарға жаңа мүмкіндіктер береді

Қарағанды облысында жергілікті атқарушы және өкілді органдарында 2,6 мыңнан астам мемлекеттік қызметші жұмыс істейді, оның 10 пайызы жастар.

Жастар еліміздің басты стратегиялық ресурсы болғандықтан, олардың білікті маман болып қалыптасуына үлкен мән беріледі.

Мемлекеттік қызмет жастарға кәсіби дамуға, жаңа идеяларды жүзеге асыруға, елдің қоғамдық-саяси үдерістеріне қатысуға мүмкіндік береді. Бұл жүйеге жас әрі креативті, интеллектуалдық және шығармашылық қабілеті жоғары жастар қажет. Жастарды мемлекеттік қызметке тарту арқылы басқару жүйесіне жаңа тәсілдер енгізіледі, бұл

елдің бәсекеге қабілеттігін арттырады.

Осыған орай, облыста Жас мемлекеттік қызметшілер мектебі жұмыс жасауда. Өткен жылы осы мектепте 20-ға жуық түлек жаңа дағдыларды игерді. Мектептің негізгі міндеті – болашақта өз тағдырын мемлекеттік қызметпен байланыстырғысы келетін ең дарынды және белсенді жастарға жұмыс істеуіне жол ашады.

Сонымен қатар, бос жұмыс орындары жәрменкелері мен ашық есік күндері өткізіліп, жастарды қызметке тарту шаралары жүргізіледі (жоғары оқу орындары мен колледждердің студенттерімен кездесулер).

Мемлекеттік қызметке кіру процесін

жеңілдету мақсатында 2022 жылы мемлекеттік қызмет туралы заңнамаға өзгерістер енгізілді. Енді жоғары оқу орнын мемлекеттік тапсырыс шеңберінде жақсы бітірген түлектер (академиялық нәтиже GPA 3,33 деңгейінде болуы керек, яғни дәстүрлі жүйе бойынша көрсеткіш «жақсы» немесе 100 баллдық жүйе бойынша 85-89) мемлекеттік қызметке ауылдық, аудандық деңгейдегі лауазымдарына (басшылық емес лауазымдарына) конкурстық орналаса алады. Бұл бастама жастарға ауылдық жерлерде жұмыс табуға көмектеседі. Өткен 2023 жылы - 5, 2024 жылы - 15 жас түлектер мемлекеттік қызметке конкурстық

іріктеусіз орналастырылды.

Мемлекеттік қызметтің артықшылықтары ретінде тұрақты еңбекақы, әлеуметтік қамсыздандыру, мансаптық өсу, икемді жұмыс кестесі, "Дипломмен - ауылға" бағдарламасы бойынша қолдау көрсетіледі.

Бүгінде мемлекеттік қызметке келуге көптеген мүмкіндіктер ашық, сондықтан жастар осы мүмкіндіктерді пайдаланып, өздерін дамытуға батыл қадам жасау керек.

**А.Алтынбекова,**  
Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаментінің бас маманы.

## Хабарландыру

«BrightRockResources» ЖШС әсер етуге экологиялық рұқсат алу үшін жобалық материалдар (Қоршаған ортаны қорғау бөлімі (ҚОҚБ), жоба рұқсат етілген шығарындылар нормативтері (ЖРЕШН), Қалдықтарды басқару бағдарламасы (ҚББ), Экологиялық бақылау бағдарламасы (ЭББ), Табиғатты қорғау іс-шараларының жоспары (ТҚДЖ)) блоктарының контурында қатты пайдалы қазбаларды барлау жөніндегі операцияларды жүргізу жоспарына L-43-20-(10в-5а-2,3,7,8,9,14) Мойынсу учаскесі, Қарағанды облысының Ақтоғай ауданында 2024 жылғы 14 маусымдағы №2710-EL лицензиясы бойынша

«Әсер ету аумағы: Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Нарманбет ауылы

Әсер ету аумағының географиялық координаттары: 47.598241 с.е., 75.665617 ш.б.

Учаскелік географиялық координаттары: 1) 47°40'00" с.е., 75°51'00" ш.б.; 2) 47°40'00" с.е., 75°53'00" ш.б.; 3) 47°39'00" с.е., 75°53'00" ш.б.; 4) 47°39'00" с.е., 75°54'00" ш.б.; 5) 47°37'00" с.е., 75°54'00" ш.б.; 6) 47°37'00" с.е., 75°53'00" ш.б.; 7) 47°38'00" с.е., 75°53'00" ш.б.; 8) 47°38'00" с.е., 75°51'00" ш.б.

Қоғамдық тыңдаулар 2024 жылғы 10 желтоқсанда сағат 10:00-де, Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Нарманбет ауылы, Абай көшесі, 1а, әкімдік ғимараты мекенжайы бойынша өтеді

Zoom платформасындағы тыңдауларға қатысу үшін онлайн қосылымға сілтеме: <https://us05web.zoom.us/j/3467453931?pwd=OWFnOGVpQjFMTmE0TDVtRlIFcXlZdz09&omn=86471046384>

Конференция идентификаторы: 346 745 3931. Құпия сөз: YGC0Ki

Тапсырыс беруші туралы мәліметтер: «BrightRock Resources» ЖШС, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Есіл ауданы, Түркістан көшесі, 20 үй, 128 пәтер, БСН: 231040014445, Директор: Арыстанбекова Г.К. байланыстар: тел. +77019995234, e-mail: Ravilarystanbekov@gmail.com.

Әзірлеуші мәліметтері: ЖК «Экопроект 2017», Қарағанды к., Қазыбек би ауданы, көш. Амангелді, 79. өкілі: Обжорина Т.Н., Байланыс телефондары: тел.8 (776) 526-31-31, электрондық поштасы: tanya\_ob80@mail.ru.

Қоғамдық тыңдаулардың материалдарымен <https://ecportal.kz> сайттарда «Жарияланған тыңдаулар» бөлімінде және <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru> «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде танысуға болады.

Жобалық материалдар бойынша қосымша ақпаратты 8 (776) 526-31-31 телефондары арқылы сұрауға болады, e-mail: tanya\_ob80@mail.ru.

Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар Бірыңғай экологиялық порталда қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмей, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқарудың мекенжайы бойынша қабылданады: «Қарағанды облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, Қарағанды облысы, Қарағанды к., көш. Лобода, 20. Телефон: 8 (7212) 56-81-66, e-mail: expertiza.upr\_krg@mail.ru.

## Объявление

ТОО «BrightRockResources» сообщает о на-чале проведения общественных слушаний в форме открытых собраний для осуществления государственной экологической экспертизы по Проектные материалы для получения экологического разрешения на воздействие (Раздел охраны окру-жающей среды (РООС), Проект нормативов допустимых выбросов (НДВ), Программа произ-водственного экологического контроля (ПЭК), Программа управления отходами (ПУО), План природоохранных мероприятий (ППМ)) к Плану на проведение операций по разведке твердых полезных ископаемых в контуре блоков L-43-20-(10в-5а-2,3,7,8,9,14) участок Мойынсу, в Ақтоғайском районе Карагандинской области по Лицензии №2710-EL от 14 июня 2024 г.

Территория воздействия: Карагандинская область, Ақтоғайский район, с.Нарманбет

Географические координаты территории воз-действия: 47.598241 с.ш., 75.665617 в.д.

Географические координаты участка: 1) 47°40'00" с.ш., 75°51'00" в.д.; 2) 47°40'00" с.ш., 75°53'00" в.д.; 3) 47°39'00" с.ш., 75°53'00" в.д.; 4) 47°39'00" с.ш., 75°54'00" в.д.; 5) 47°37'00" с.ш., 75°54'00" в.д.; 6) 47°37'00" с.ш., 75°53'00" в.д.; 7) 47°38'00" с.ш., 75°53'00" в.д.; 8) 47°38'00" с.ш., 75°51'00" в.д.;

Общественные слушания состоятся: 10 декабря 2024 года в 10:00, по адресу: Карагандинская область, Ақтоғайский район, с.Нарманбет, ул.Абая, 1А, здание Акимата

Ссылка на онлайн подключение для участия в слушаниях на платформе Zoom: <https://us05web.zoom.us/j/>

3467453931?pwd=OWFnOGVpQjFMTmE0TDVtRlIFcXlZdz09&omn=86471046384

Идентификатор конференции: 346 745 3931

Код доступа: YGC0Ki

Реквизиты заказчика: ТОО «BrightRock Resources», Республика Казахстан, г. Астана, Район Есиль, ул.Түркістан, д.20, кв.128, БИН 231040014445, Директор – Арыстанбекова Г.К. Контакты: тел. +77019995234, e-mail: Ravilarystanbekov@gmail.com.

Реквизиты разработчика: ИП «Экопроект 2017», г.Караганда, район им.Казыбек би, улица ул. Амангельды, 79. представитель: Обжорина Т.Н., Контакты: тел.8 (776) 526-31-31, эл.почта: tanya\_ob80@mail.ru.

С материалами общественных слушаний можно ознакомиться на сайте <https://ecportal.kz> в разделе «Опубликованные слушания» и <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru> в разделе «Общественные слушания».

Дополнительную информацию по проектным материалам можно запросить по тел. 8 (776) 526-31-31, e-mail: tanya\_ob80@mail.ru.

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на ЕЭП, а также по адресу МИО: ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области», Карагандинская область, г. Караганда, ул. Лободы, 20; тел. 8 (7212) 56-81-66, e-mail: expertiza.upr\_krg@mail.ru.

## Еске алу



Қазақстан Республикасы ІІМ қарасты Мамандандырылған күзет қызметі (Күзет полициясы) құрылғанына 72 жыл толуына орай, Қарағанды облысы МКҚБ 1-ші ПБ Ақтоғай ауданы арамыздан ерте өмірден озып кеткен Руы Тобықты Ақсақ Сәмбет **Таукеев Қайырғазы** (Қайпо) **Ғалымзадаұлы** (15.08.1979-24.07.2017), Руы Қаракесек Шашты **Қарабеков Тілеген** (Кося) **Саятұлы** (14.10.1983-06.09.2018), Руы Тобықты Ақсақ Сәмбет **Асанов Аділмұрат** (Паша) **Сәулебекұлы** (17.03.1987-13.08.2024), Руы Қожағұл **Балапан Айбек Абасұлы** (05.10.1993-11.08.2018) әріптестерімізді сағынышпен еске аламыз.

Жеткізген кімді Алла арманына, Пенделер көнер Алланың басқа салғанына. Ортамыздан ертерек кеттіңіздер, Береке бірлік берсін ұрпақтарына. Жылдар да өтер өмір ізін жасырып, Күндер де кетер бұл жалғаннан асығып. Сонда да, тұрасыздар мәңгі жүрегімізде, Жақсылықтың мәртебесін асырып. Жайлы болсын жер бесіктерің танылған, Мамық болсын топырақтарың жамылған. Артындағы ұрпақтарың барында, Оттарың сөнбес өздерің барда жағылған. Әріптестерімізді еске ала отырып, Алланың раһымына, Пайғамбар шапағатына бөленсін деп тілеп, жатқан жерлері жарық, жандары жәннатта болсын деп дұға бағыштаймыз.

**Еске алушылар: ҚР ІІМ Қарағанды облысы МКҚБ 1-ші ПБ Ақтоғай ауданы Күзет ұжымы мен ардагерлері.**

Открылось наследство после смерти Акбергеновой Айданы Ержановны, 27.02.1992 года рождения, умершей 18.10.2024 года. Наследникам обращаться к нотариусу Имашевой М.К. по адресу Карагандинская область Ақтоғайский район поселок Сарышаған улица Темиржол 12 Б.

## Құттықтаймыз!



**Құрметті әріптесіміз Нұржанова Сәбила Фаниқызы!**

Сізді туған күніңізбен шын жүректен құттықтаймыз.

Сіз аудандық басылымда 40 жыл еңбек жасадыңыз. Жастығыңыз бен көзмайыңызды аудан

баспасөздің дамуы жолында сарқыдыңыз. Еңбегіңізді еліңіз, әріптестеріңіз бағалады. Бүгінде ҚР Журналистер Одағының мүшесі, «Ақпарат саласының үздігі» деген үлкен марапаттардың иесісіз. Осының бәрі сізге маңдай тер, сүбелі еңбектің арқасында келген. Сіз өнегелі еңбегіңіз бен жинаған тәжірибеніз, тындырымды ісіңізбен және қарапайым да парасаттылығыңызбен үлкен абырой-беделге ие болған жансыз. Туған күніңіз құтты болсын. Шаңырағыңызға құт-береке, бейбіт күннің арайлы шуағы мейлінше төгіле түссін, отбасыңызға амандық, деніңізге саулық, ұзақ ғұмыр тілейміз. Үлкен армандарға жетіп Қазбек екеуіңіз шөберенің қолынан май жалып, абыз ата, ақ жасулықты әже болыңыздар.

Көлдей көңіл тілейміз таусылмайтын,  
Өзендей өмір болсын сарқылмайтын.

Аспаныңыз айлы түндей ашық болсын,  
Дұшпаның бір өзіңнен қашық болсын.

Айта берсек тілек көп таусылмайтын,  
Жаза берсек қалам көп майыспайтын.

Жүреkteгі тілекті өлеңменен

Жеткіземіз, біз Сізге шын көңілмен!!

**Құрметпен: «Ақтоғай ажары» газеті редакция ұжымы және ардагер әріптестерің.**

## Хабарландыру

Қарағанды облысы, Әділет департаментінің Ақтоғай ауданының Әділет басқармасының серия В, №0508283 куәлігімен бизнес-сәйкестендіру нөмірі 0012240013407, тіркеу нөмірі 147-1930-21-КР болып 2012 жылдың 13 желтоқсаны күні, Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Ақтоғай ауылы, Бөкейхан көшесі, 4 үй мекен жайында тіркелген «Үш арыс» қоғамдық қоры жұмысын тоқтататындығын хабарлайды.

\* Барекелді

## Қылқалам шеберлері олжамен оралды

«Atamura Education» ғылыми-әдістемелік орталығы, «Qanatty Qalam» балалар танымдық журналы 2024-2025 оқу жылындағы "Бояулар құпиясы" жас суретшілер байқауына балабақша, мектепке дейінгі, жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру, жоғарғы оқу орны ұйымдарының білім алушыларын оқу жылының мерзімінде өткізетін конкурсқа жылдағы дәстүр бойынша суретшілерді шақырған болатын. Оған біздің Ақтоғай аудандық білім бөлімінің «Балалар өнер мектебі» КМҚК көркемсурет үйірмесінің бір топ оқушылары қатысып, бақтарын сынады. Байқау мақсаты: бақсынаушылар өздерінің кәсіби және шығармашылық қабілеттерін танытып, қабілет-қарымын одан ары ұштай түсуге ықпал ету. Ел дамуының басты қозғаушы күші болуы үшін еліміздің жас буын өкілдерінің және олардың интеллектуалды және тәрбиелік тұрғыда дамуы жолында жетекшілік көрсетіп, бағыт-бағдар болып жүрген ұстаздар қауымының дамуына үлес қосу.

Конкурстық жұмыстар еркін тақырыпта, кез келген техникада (кескіндеме, акварель, гуашь, аралас техника), кез келген жанрда (натюрморт, портрет,



Құрметті біздің асқаралы әкеміз **Саулебай Құлшебайұлын** зейнет жасқа жеткен туған күнімен құттықтаймыз!

Өлең жолдары өзіңе әке

63 келіпті, әке, желкен керіп,

Тірлігің күннен күнге көркемделіп.

Бұл күнде бір әулеттің айбынысыз,

Тұрасыз парасатқа өлшем болып.

Сіз өскен Ақтоғай – көркі жердің,

Сындарлы саңлағысыз еркін елдің.

Төрт ұл-қыз бүгінде азамат боп,

Оқытып, әрқайсына енші бердің.

Көкірегіңе мейірім толып нұрлы,

Жаныңызды жақсылық қоныс қылды.

Кеңпейіл, ашық жарқын мінезіңіз,

Кейінгі жас өренге болыпты үлгі.

Жүгін арттың ыққа жыл көшінің,

Мақтан боп ел аузында жүрді есімің.

Анамыз айнымайтын серігің боп.

Отауың орда болды іргесі күн.

Ассаң да тіршіліктің сан асуын,

Таусылмас арманы адам баласының.

Бүгінгі зейнет жасың тұр айғақтап,

Жүрек пен жүректердің жарасымын.

Жүресің қалжыңмен елдің басып мысын,

Ұрпаққа кеудеңдегі жақұтты ұсын!

Аман-сау жүзге жеткін, асыл әке,

Басыңнан арылмасын бақыт құсың!

**Ақ тілекпен: жары-Гүлнар, балалары – Нұржан-Фариза, Мәрлен-Маржан,**

**Сержан-Келбет, Елдар-Айжан және немерелері.**

## Құттықтаймыз!



**Құрметті Саулебай Құлшебайұлы!**

Сізді еңбегіңіз еленіп, құрметті демалысқа шыққан қуанышты күніңізбен шын жүректен құттықтаймыз.

Қызмет деген белестен өтіп, құрметті демалыс деген кезеңге жеттіңіз.

Қуанышыңыз ұзағынан болсын! Көңіліңіз қартаймасын, құт-берекеңіз ешқашан ортаймасын. Ағайын-туыстың құрметіне, немере-шөберелердің шу-күлкісіне, ұл-қыздарыңыздың жеңісті шақтарын көрген шаттықтың бақытты сәттеріне бөленген ғұмыр кешіңіз. Ұзақ ғұмыр, зор денсаулық тілейміз.

Күміс күлкі жүзіңізден арылмасын,

Болсын дейміз әрдайым бағыңыз басым.

Отбасына тілейміз біз амандық,

Жаратқан дәйім сізді жарылқасын.

**Ізгі тілекпен: Ақтоғай Халық банк ұжымы.**

\* \* \* \* \*

Құрметті бауырымыз **Саулебай Құлшебайұлын** зейнет жасқа толған туған күнімен құттықтаймыз.

Осы қуанышты күні Сізге деніңіздің саулығын, шаңырағыңызға ырыс байлығын тілейміз. Әрдайым осы тыңғылықты да тындырымды қалтыңыздан танбай, табыстан табысқа жете беріңіз. Отбасыңыздан ынтымақ береке, басыңыздан бақ таймасын. Көңіліңіз ғұмыр бойы көтеріңкі болып, өмір айдынында қайғы-мұңды білмей, еркін жүзе беріңіз. Туған-туыс, елдің алдында абыройыңыз әрдайым артып, аңсаған арманыңыздың асуларына жете беріңіз. Отанаңыз Гүлекеңмен бірге немере-шөбере қызығын көріп, ғұмырлы болыңыздар. Абырой, амандығың арта берсін.

Бақ-дәулет қызығымен қатар берсін,

Қонағың жақсы көрген жиі келіп,

Таусылмас дәм-тұзыңды тата берсін.

**Ізгі тілекпен: ағасы – Діншебай, бауырлары – Саят, Жансерік, Төлеген, Күләш, Самат, Бағдат және қарындастары.**

\* \* \* \* \*



**Қадірлі Еркебұлан!**

Ақ ордадай қара шаңырағымыздың құт-берекесі болып отырған кенже бауырымыз **ЕРКЕШТИ 50** деген кемел жасқа толуымен құттықтаймыз. **ЕРКЕТАЙ!** Жанұялық бақытқа кенеліп, ұрпақтарыңмен өркен жайып, әулетіміздің

ардақтысы болып, ел-жұртыңның алғысына бөленіп, ұзақ ғұмыр жасауыңа тілектеспіз!

Еркешім нағыз ерсің елім деген,

Қарайтын болашаққа сенімменен.

Еңбегімен танылған дүйім жұртқа,

Ер жігіттің тұлғасын сенен көрем.

Елу жасың құтты болсын, Еркебұлан!

Ұрпағыңа атың, даңқың болсын ұран.

Мейірімді келбетіңнен нұрын шашқан,

Жақсылық пен ізгіліктің сырын ұғам.

Сенім артқан әулетіңнің қорғаны бол,

Алдыңнан бақыт толы ашылсын жол.

Ұл-қызыңның, жарыңның қызығын көр,

Апа-жезде ағайынның тілегі сол.

**Ізгі тілекпен: апа-жезде, жеңге, қарындас-бауыр, іні-келін, жиендерің.**

**Құрылтайшы: ЕЛЕУСИЗОВА ГҮЛНАР МЕТАЕВНА**

**Редактор: Г.ЕЛЕУСИЗОВА**

**Меншік иесі: "Ақтоғай ажары" газеті редакциясы ЖШС**

**Тіркеу куәлігі: №КЗ94VPY00019192. (Қазақстан Республикасы ақпарат және даму Министрлігі 2020 жылы 10 қаңтарында берілген)**

**Газет аптасына 1 рет шығады**

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, Қарағанды қаласында «Арқо» баспаханасы ЖШС-де басылады. Сәтбаев көшесі, 15-үй

**Мақала авторларының пікірі газеттің көзқарасын білдірмейді. Таралымы 880 дана**

**Мекен-жайымыз: 100200, Ақтоғай**

**ауылы, Абай көшесі, №1 а үй.**

**Телефондар: редактор: 2-18-81.**

**тілшілер, компьютер орталығы: 2-15-39**



**Электрондық пошта aktogai\_red@mail.ru**

**Газетке А4 форматты 3 беттен асқан материалдар қабылданбайды.**



06.11.2024 № 34-15/21

## ЭФИРНАЯ СПРАВКА

Настоящей справкой подтверждаем о том, что 4 октября 2024г. на телеканале «SARYARQA» размещено видеообъявление – телегазета о проведении общественных слушаний следующего содержания:

«BrightRockResources» ЖШС әсер етуге экологиялық рұқсат алу үшін жобалық материалдар (Қоршаған ортаны қорғау бөлімі (ҚОҚБ), жоба рұқсат етілген шығарындылар нормативтері (ЖРЕШН), Қалдықтарды басқару бағдарламасы (ҚББ), Экологиялық бақылау бағдарламасы (ЭББ), Табиғатты қорғау іс-шараларының жоспары (ТҚІЖ)) блоктарының контурында қатты пайдалы қазбаларды барлау жөніндегі операцияларды жүргізу жоспарына L-43-20-(10в-5а-2,3,7,8,9,14) Мойынсу учаскесі, Қарағанды облысының Ақтоғай ауданында 2024 жылғы 14 маусымдағы №2710-ЕЛ лицензиясы бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізілетінін хабарлайды.

Әсер ету аумағы: Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Нарманбет ауылы

Әсер ету аумағының географиялық координаттары: 47.598241 с.е., 75.665617 ш.б.

Учаскенің географиялық координаттары: 1) ) 47°40'00" с.е., 75°51'00" ш.б.; 2) 47°40'00" с.е., 75°53'00" ш.б.; 3) 47°39'00" с.е., 75°53'00" ш.б.; 4) 47°39'00" с.е., 75°54'00" ш.б.; 5) 47°37'00" с.е., 75°54'00" ш.б.; 6) 47°37'00" с.е., 75°53'00" ш.б.; 7) 47°38'00" с.е., 75°53'00" ш.б.; 8) 47°38'00" с.е., 75°51'00" ш.б.

Қоғамдық тыңдаулар 2024 жылғы 10 желтоқсанда сағат 10:00-де, Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Нарманбет ауылы, Абай көшесі, 1а, әкімдік ғимараты мекенжайы бойынша өтеді

Zoom платформасындағы тыңдауларға қатысу үшін онлайн қосылымға сілтеме: <https://us05web.zoom.us/j/3467453931?pwd=OWFnOGVpQjFMTmE0TDVtRllFcXlZdz09&omn=86471046384>

Конференция идентификаторы: 346 745 3931. Құпия сөз: YGC0Ki

Тапсырыс беруші туралы мәліметтер: "BrightRock Resources" ЖШС, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Есіл ауданы, Түркістан көшесі, 20 үй, 128 пәтер, БСН: 231040014445, Директор: Арыстанбекова Г.К., байланыс тел. +77019995234, e-mail: Ravilarystanbekov@gmail.com.

Әзірлеуші мәліметтері: ЖК "Экопроект 2017", Қарағанды қ., Қазыбек би ауданы, Амангелді көш., 79. Өкілі: Обжорина Т.Н., байланыс телефондары: 8 (776) 526-31-31, электрондық поштасы: [tanua\\_ob80@mail.ru](mailto:tanua_ob80@mail.ru).

Қоғамдық тыңдаулардың материалдарымен <https://ecoportal.kz> сайттарда «Жарияланған тыңдаулар» бөлімінде және <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru> «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде танысуға болады.

Жобалық материалдар бойынша қосымша ақпаратты 8 (776) 526-31-31 телефондары арқылы сұрауға болады, e-mail: [tanua\\_ob80@mail.ru](mailto:tanua_ob80@mail.ru).

Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар Бірыңғай экологиялық порталда қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмей, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі

басқарудың мекенжайы бойынша қабылданады: «Қарағанды облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, Қарағанды облысы, Қарағанды қ., Лобода көш., 20. Телефон: 8 (7212) 56-81-66, e-mail: expertiza.upr\_krg@mail.ru».

